

"Алатау" қонақ үйі" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 шілде N 935

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының, "Қазхром" ұлтаралық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы және "Engichment" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Түрік Республикасының Кемер қаласындағы Бельдиби ауданында орналасқан қонақ үй құрылысына енгізген салымдарына барабар Қоғамның жарғылық капиталына үлестік қатысуымен "Алатау" қонақ үйі" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қоғам) бірлесіп құру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті "Қазхром" ұлтаралық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) және "Engichment" жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен (келісім бойынша) бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) құрылтай шартын жасасын;

2) Қоғамның Жарғысын бекіту кезінде оның қызметінің негізгі мәні қонақ үй бизнесіндегі шаруашылық қызметін жүзеге асыру, қонақ үйде тұратын адамдардың емделуі мен демалысын ұйымдастыру болып анықталсын;

3) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

4) жоғарыда аталған қонақ үйдің мүлкін бағалауды жүргізсін және осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қоғамның жарғылық капиталын қалыптастырсын;

5) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының оған Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иемдену және пайдалану құқығын беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 P961455_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Алатау" қонақ үйі" ЖАҚ;

2) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері коммуналдық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-14-жолмен толықтырылсын:

"21-14. "Алатау" қонақ үйі" ЖАҚ;

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік

пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659

Р990659_

қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 238-1-жолмен толықтырылсын:

"238-1. "Алатау" қонақ үйі" ЖАҚ.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.